

**МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕРДІ ЖӘНЕ КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК
СЕКТОРДЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ 2024 ЖЫЛҒЫ
ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА**

МАЗМҰНЫ

Кіріспе (Ұлттық баяндаманың мақсаты).....	3
Негізгі бөлік	4
1. Мемлекеттік активтердің есепті кезеңдегі жай-күйі туралы талдамалық ақпарат (квазимемлекеттік сектордың және мемлекеттік активтердің ағымдағы жай-күйі туралы ақпарат, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкін түгендеу нәтижелері, мемлекеттік мүлікті сату және пайдалану мәселелері)	4
2. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің есепті кезеңдегі қызметі туралы ақпарат (соңғы үш жылдағы динамикада квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметі туралы ақпарат)	20
3. Мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік секторды басқару тетіктерін одан әрі дамыту жөніндегі тұжырымдар мен ұсыныстар (мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік секторды басқару тетіктерін одан әрі дамыту)	40
4. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі өзге де деректер (Ұлттық баяндаманы сапалы қалыптастыруға ықпал ететін қосымша ақпарат)	42
Аббревиатуралардың толық жазылуы	43
Ұлттық баяндаманы қалыптастыру кезінде пайдаланылған нормативтік құқықтық актілер.....	46

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 1008 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 84-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі 2024 жылғы ұлттық баяндаманы (бұдан әрі – Ұлттық баяндама) дайындады.

Ұлттық баяндама Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы қалыптастыру қағидаларының талаптарын сақтай отырып дайындалды.

Ұлттық баяндаманы қалыптастыру кезінде әскери мүлік, сондай-ақ мәліметтері қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа жатқызылған мүлік ескерілген жоқ.

Ұлттық баяндаманың мақсаты мемлекеттік активтердің және квазимемлекеттік сектордың жай-күйі жөнінде қоғамды хабардар ету болып табылады.

Ұлттық баяндаманы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган тиісті салалардың уәкілетті органдары, квазимемлекеттік сектор субъектілері «Е-Qazyna.kz» АЖ-ға ұсынған ақпарат негізінде орындады және кіріспеден, негізгі бөліктен және мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік секторды басқару тетіктерін одан әрі дамыту жөніндегі ұсыныстардан тұрады.

Негізгі бөлік

1. Мемлекеттік активтердің есепті кезеңдегі жай-күйі туралы талдамалық ақпарат

1.1. Бюджет құрылымы (кірістер, шығындар, таза бюджеттік кредиттеу, қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо, бюджет тапшылығы (профициті), бюджеттің мұнайлық емес тапшылығы (профициті), бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) бойынша бөліністегі есепті кезеңді қоса алғанда, соңғы үш жылдағы серпінде республикалық бюджет қаражаты

2022 – 2024 жылдардағы республикалық бюджеттің кірістері:

2022 жылы – 15 963,4 млрд теңге (жоспар бойынша – 15 665,0 млрд теңге);

2023 жылы – 19 038,0 млрд теңге (жоспар бойынша – 19 064,0 млрд теңге);

2024 жылы – 19 624,0 млрд теңге (жоспар бойынша – 20 194,8 млрд теңге).

Республикалық бюджеттің ұқсас кезеңдегі шығындары:

2022 жылы – 17 791,8 млрд теңге (жоспар бойынша – 18 049,9 млрд теңге);

2023 жылы – 21 547,8 млрд теңге (жоспар бойынша – 21 647,5 млрд теңге);

2024 жылы – 23 106,6 млрд теңге (жоспар бойынша – 23 478,3 млрд теңге).

2024 жылы бюджет тапшылығы ЖІӨ-ге қатысты 2,7 %-ды құрады.

1-сурет



Соңғы үш жылдағы динамикада республикалық бюджет көрсеткіштері бойынша ақпарат 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

млрд теңге

Баптардың атауы	2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл	
	Түзетілген бюджет	Орындалуы	Түзетілген бюджет	Орындалуы	Түзетілген бюджет	Орындалуы
КІРІСТЕР	15 665,0	15 963,4	19 064,0	19 038,0	20 194,8	19 624,0
САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	9 816,8	10 026,8	14 279,0	12 912,4	12 674,5	12 307,8
САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	343,2	438,2	351,8	1 617,6	1 443,4	1 201,4
НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСКЕН ТҮСІМДЕР	2,3	7,0	1,2	0,7	6,1	6,2
ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ	5 502,7	5 491,4	4 431,9	4 507,2	6 070,8	6 108,6
ШЫҒЫНДАР	18 049,9	17 791,8	21 647,5	21 547,8	23 478,3	23 106,6
ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ	508,3	477,4	416,9	402,8	337,5	116,7
БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕР	660,1	655,6	661,4	661,4	591,8	437,8
БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕРДІ ӨТЕУ	151,8	178,2	244,5	258,6	254,3	321,1
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ЖАСАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	85,1	85,1	208,2	208,2	49,9	49,6
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІН САТЫП АЛУ	85,1	85,1	208,2	208,2	49,9	49,6
БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)	-2 978,3	-2 390,8	-3 208,6	-3 120,9	- 3 670,9	- 3 648,9
БЮДЖЕТТІҢ МҰНАЙЛЫҚ ЕМЕС ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)	-9 342,6	-8 592,2	-8 969,9	-8 764,0	-10 638,8	-10 847,3
БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ)	2 978,3	2 390,8	3 208,6	3 120,9	3 670,9	3 648,9

1.2. Бюджет құрылымы бойынша бөліністегі есепті кезеңді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының соңғы үш жылдағы динамикадағы қаражаты (кірістер, шығындар және басқалар)

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры (бұдан әрі – Қор) материалдық емес активтерді қоспағанда, қаржылық активтер мен өзге де мүлікті жинақтау, экономиканың мұнай секторына тәуелділігін және қолайсыз сыртқы факторлардың әсерін азайту жолымен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге арналған.

Мәселен, Қордың есепті кезеңдегі түсімдері мынаны құрады:

2022 жылы – 6 589,0 млрд теңге;

2023 жылы – 4 590,1 млрд теңге;

2024 жылы – 3 839,9 млрд теңге.

Ұқсас кезеңде Қор қаражатын пайдалану мынаны құрады:

2022 жылы – 4 601,7 млрд теңге;

2023 жылы – 4 069,9 млрд теңге;

2024 жылы – 5 947,9 млрд теңге.

Соңғы үш жылдағы динамикада Қордың түсімдері және оны пайдалану бойынша ақпарат 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

млрд теңге

Р/с №	Атауы	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
1	ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ (БҰДАН ӘРІ – ҚОР) ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАРАЖАТЫ (КАССАЛЫҚ ОРЫНДАУ), БАРЛЫҒЫ:	28 015,7	26 774,9	29 854,1
2	ТҮСІМДЕР, БАРЛЫҒЫ:	6 589,0	4 590,1	3 839,9
3	ПАЙДАЛАНУ, БАРЛЫҒЫ:	4 601,7	4 069,9	5 947,9
4	ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС, БАРЛЫҒЫ:	-826,5	2 607,0	7 070,7
5	ҚОРДЫҢ ЕСЕПТЕЛГЕН ЖӘНЕ ТӨЛЕНБЕГЕН ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ СОМАСЫ	-29,0	1,8	-16,5
6	БАСТАПҚЫ ТАҢУ СӘТІНДЕГІ ӘДІЛ (НАРЫҚТЫҚ) ҚҰН МЕН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТЕУДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ НАҚТЫ ҚҰНЫ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМА	-2 372,6	-49,7	-70,2
7	АЙЫРМА МЕН ДӨҢГЕЛЕКТЕУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ӨТКЕН ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТЕ КӨРСЕТІЛГЕН	0,0	0,0	0,0
8	ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ СОҢЫНДАҒЫ ҚОР ҚАРАЖАТЫ, БАРЛЫҒЫ:	26 774,9	29 854,1	34 730,1

1.3. Бюджет құрылымы (кірістер, шығындар және басқалар) бойынша бөліністегі есепті кезеңді қоса алғанда, соңғы үш жылдағы динамикадағы Жәбірленушілерге өтемақы қорының, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының, Арнаулы мемлекеттік қордың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысатын өзге де мемлекеттік қорлардың қаражаты

1.3.1. «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – ЖӨҚ) сәйкес ЖӨҚ-ның мақсаты қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген құрамдары бойынша жәбірленушілердің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

Мәселен, ЖӨҚ есепті кезеңдегі түсімдері мынаны құрады:

2022 жылы – 1,1 млрд теңге;

2023 жылы – 1,3 млрд теңге;

2024 жылы – 1,3 млрд теңге.

Ұқсас кезеңде қаражатын пайдалану мынаны құрады:

2022 жылы – 0,1 млрд теңге;

2023 жылы – 0,2 млрд теңге;

2024 жылы – 0,1 млрд теңге.

1.3.2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 ақпандағы № 38 бұйрығымен бекітілген Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражатын бөлу, жұмсау, мониторингтеу және есептілік қағидаларына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры (бұдан әрі – Қор) – орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды қаржыландыру мақсатында ақша түсімдерін есепке жатқызу және жұмсау үшін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоты.

Мәселен, Қор есепті кезеңдегі түсімдері мынаны құрады:

2022 жылы – 82,8 млрд теңге;

2023 жылы – 69,1 млрд теңге;

2024 жылы – 7,1 млрд теңге.

Ұқсас кезеңде қаражатын пайдалану мынаны құрады:

2023 жылы – 96,5 млрд теңге;

2024 жылы – 61,6 млрд теңге.

1.3.3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 1033 бұйрығымен бекітілген Арнаулы мемлекеттік қор қаражатын пайдалану және мониторингтеу қағидаларына сәйкес арнаулы мемлекеттік қор (бұдан әрі – АМК) – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық жобаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасында айқындалған тәртіппен активтерді қайтару бойынша уәкілетті органдардың шығыстарын қаржыландыру мақсатында ақша түсімдерін есептеу және жұмсау үшін Қазақстан Республикасының

Бюджет кодексіне сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоты.

Мәселен, 2024 жылға АМҚ түсімдері 228,7 млрд теңгені құрады.

2024 жылы қаражатты пайдалану 102,8 млрд теңгені құрады.

1.3.4. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамын құру туралы» (бұдан әрі - МӘСҚ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы № 237 қаулысына сәйкес МӘСҚ қызметінің негізгі нысаналары Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу, әлеуметтік аударымдарды шоғырландыру, әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру үшін қаражатты уақтылы аудару, уақытша бос қаражатты қаржы құралдарына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы орналастыру, жыл сайынғы аудит жүргізу болып табылады.

Мәселен, МӘСҚ есепті кезеңдегі түсімдері:

2022 жылы – 969,9 млрд теңгені;

2023 жылы – 1 556,3 млрд теңгені;

2024 жылы – 745,7 млрд теңгені құрады.

Ұқсас кезеңде қаражатты пайдалану:

2022 жылы – 946,9 млрд теңгені;

2023 жылы – 1 518,2 млрд теңгені;

2024 жылы – 724,3 млрд теңгені құрады.

1.3.5. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын құру туралы» (бұдан әрі – ӘМСҚ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 1 шілдедегі № 389 қаулысына сәйкес ӘМСҚ қызметінің негізгі нысаналары аударымдар мен жарналарды шоғырландыру, медициналық қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемде және шарттарда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алуды және оларға ақы төлеуді жүзеге асыру болып табылады.

Мәселен, ӘМСҚ-ның есепті кезеңдегі түсімдері:

2022 жылы – 2 655,1 млрд теңгені;

2023 жылы – 2 889,5 млрд теңгені;

2024 жылы – 3 393,8 млрд теңгені құрады.

Ұқсас кезеңде қаражатты пайдалану:

2022 жылы – 2 454,5 млрд теңгені;

2023 жылы – 2 987,0 млрд теңгені;

2024 жылы – 3 147,3 млрд теңгені құрады.

Соңғы үш жылдағы динамикада жоғарыда аталған қорлардың түсімдері және олардың пайдаланылуы бойынша ақпарат 3-кестеде келтірілген.

Соңғы үш жылдағы динамикада қорлар бойынша ақпарат

3-кесте

млрд теңге

Р/с №	Атауы	Есепті кезең:		
		2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
1	ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРГЕ ӨТЕМАҚЫ ҚОРЫ			
1	ТҮСІМДЕР	1,1	1,3	1,3
2	ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРГЕ ӨТЕМАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ҚБШ-дан ТӨЛЕМДЕР	0,1	0,2	0,1
3	ҚАРЖЫ ЖЫЛЫНЫҢ БАСЫНА ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРГЕ ӨТЕМАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ҚБШ-ДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҒЫ	1,9	3,0	4,1
4	ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ СОҒЫНА ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРГЕ ӨТЕМАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ҚБШ-ДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҒЫ	3,0	4,1	5,3
2	БІЛІМ БЕРУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚОЛДАУ ҚОРЫ			
1	ТҮСІМДЕР	82,8	69,1	7,1
2	ШЫҒЫСТАР	0,0	96,5	61,6
3	ҚАРЖЫ ЖЫЛЫНЫҢ БАСЫНА БІЛІМ БЕРУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚОЛДАУ ҚОРЫНЫҢ ҚБШ-ДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҒЫ	0,0	82,8	55,6
4	ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ СОҒЫНА БІЛІМ БЕРУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚОЛДАУ ҚОРЫНЫҢ ҚБШ-ДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҒЫ	82,8	55,6	1,1
3	АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОР			
1	ТҮСІМДЕР	0,0	0,0	228,7
2	ШЫҒЫСТАР	0,0	0,0	102,8
3	ҚАРЖЫ ЖЫЛЫНЫҢ БАСЫНА БІЛІМ БЕРУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚОЛДАУ АМҚ ҚБШ-ДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҒЫ	0,0	0,0	0,0
4	ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ СОҒЫНА БІЛІМ БЕРУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚОЛДАУ АМҚ ҚБШ-ДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҒЫ	0,0	0,0	125,9
4	МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ			
1	ТҮСІМДЕР	969,9	1 556,3	745,7
2	ШЫҒЫСТАР	946,9	1 518,2	724,3
3	ҚАРЖЫ ЖЫЛЫНЫҢ БАСЫНА МӘСҚ-ДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҒЫ	47,4	70,4	108,5
4	ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ СОҒЫНА МӘСҚ-ДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҒЫ	70,4	108,5	129,8
5	ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ			
1	ТҮСІМДЕР	2 655,1	2 889,5	3 393,8
2	ШЫҒЫСТАР	2 454,5	2 987,0	3 147,3
3	ҚАРЖЫ ЖЫЛЫНЫҢ БАСЫНА ӘМСҚ-ДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҒЫ	243,6	444,2	346,7
4	ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ СОҒЫНА ӘМСҚ-ДАҒЫ АҚША ҚАЛДЫҒЫ	444,2	346,7	593,2

1.4. Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарға бекітілген мүлік

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 636 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері деректерін енгізудің, сондай-ақ мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізудің бірыңғай әдістемесіне (бұдан әрі – әдістеме) сәйкес мемлекеттік заңды тұлғалар есепті жылдың қорытындысы бойынша олардың теңгерімінде бекітілген мүлікті түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жөнінде ақпаратты ұсынады.

Анықтама:

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік заңды тұлғалар – мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер.

Әдістемеге сәйкес 2022 – 2024 жылдардағы республикалық және коммуналдық меншік бойынша тізілімге мүліктің мынадай түрлері бойынша ақпарат ұсыну көзделген:

тұрғын емес ғимараттар;
тұрғын ғимараттар;
жер;
құрылыс жайлар;
беру қондырғылары;
көлік құралдары;
машиналар мен жабдықтар;
құралдар, өндірістік және шаруашылық мүкәммал;
биологиялық активтер;
материалдық емес активтер;
өзге де негізгі құралдар;
ақпараттандыру объектілері.

Мемлекеттік заңды тұлғаларға (мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар), республикалық және коммуналдық меншікке бекітілген мүлік бойынша соңғы үш жылдағы ақпарат тізілімнің деректері негізінде дайындалды.

2022 – 2024 жылдардағы республикалық мүлік бойынша ақпарат

4-кесте

млрд теңге

Р/с №	Мүліктің түрі	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
		Баланстық құны	Баланстық құны	Баланстық құны
1.1	ТҰРҒЫН ЕМЕС ҒИМАРАТТАР	363,5	591,1	710,5
1.2	ТҰРҒЫН ҒИМАРАТТАР	125,7	136,5	224,5
1.3	ЖЕР	321,5	340,1	411,4
2	ҚҰРЫЛЫСЖАЙЛАР	1 772,8	1 992,6	2 212,3

3	БЕРУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ	120,7	132,6	126,5
4	КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ	159,8	205,9	224,9
5	МАШИНАЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАР	411,7	448,2	495,2
6	ҚҰРАЛДАР, ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ МҮКӘММАЛ	22,1	21,5	23,8
7	БИОЛОГИЯЛЫҚ АКТИВТЕР	0,5	0,2	0,4
8	МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР	25,3	42,1	41,8
9	ӨЗГЕ ДЕ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР	106,0	102,1	134,9
10	АҚПАРАТТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІ	-	-	0,005
ЖИЫНЫ:		3 429,5	4 012,9	4 606,1

2022 – 2024 жылдардағы коммуналдық мүлік бойынша ақпарат

Р/с №	Мүліктің түрі	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
		Баланстық құны (млрд теңге)	Баланстық құны (млрд теңге)	Баланстық құны (млрд теңге)
1.1	ТҮРҒЫН ЕМЕС ҒИМАРАТТАР	1 678,3	2 085,0	1 756,0
1.2	ТҮРҒЫН ҒИМАРАТТАР	649,0	765,7	659,6
1.3	ЖЕР	501,3	602,0	537,9
2	ҚҰРЫЛЫСЖАЙЛАР	1 611,5	1 708,9	1 571,8
3	БЕРУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ	1 085,3	1 183,8	1 433,0
4	КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ	169,7	208,7	217,2
5	МАШИНАЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАР	802,2	885,6	1 050,0
6	ҚҰРАЛДАР, ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ МҮКӘММАЛ	360,1	384,1	390,8
7	БИОЛОГИЯЛЫҚ АКТИВТЕР	5,1	5,5	1,6
8	МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР	27,6	42,8	48,7
9	ӨЗГЕ ДЕ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР	486,7	467,0	401,2
10	АҚПАРАТТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІ	-	-	0,1
ЖИЫНЫ:		7 376,8	8 339,1	8 068,0

1.5. Мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру және сенімгерлік басқаруға берілген мемлекеттік мүлік туралы мәліметтер

1.5.1. Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменттері (бұдан әрі – департаменттер) мүліктік жалдауға (жалға алуға) берген республикалық мүлік туралы мәліметтер

Департаменттер 2022 – 2024 жылдары мүліктік жалдауға (жалға алуға):

2022 жылы – 2 053 объектіні;

2023 жылы – 1 791 объектіні;

2024 жылы – 1 652 объектіні берді.

Республикалық бюджетке түсімдер:

2022 жылы – 2,1 млрд теңгені;

2023 жылы – 2,1 млрд теңгені;

2024 жылы – 2,4 млрд теңгені құрады.

2022 – 2024 жылдары жергілікті атқарушы органдар мүліктік жалдауға (жалға алуға):

2022 жылы – 10 258 объектіні;

2023 жылы – 11 737 объектіні;

2024 жылы – 11 464 объектіні берді.

Бюджетке аударылған жалдау ақысының сомасы:

2022 жылы – 4,3 млрд теңгені;

2023 жылы – 5,8 млрд теңгені;

2024 жылы – 5,9 млрд теңгені құрады.

1.5.2. Сенімгерлік басқаруға берілген мемлекеттік мүлік туралы мәліметтер.

2022–2024 жылдары есепті кезеңнің басында республикалық меншік бойынша сенімгерлік басқару шарттарының (бұдан әрі - СБШ) саны:

2022 жылы – 219 СБШ-ны;

2023 жылы – 246 СБШ-ны;

2024 жылы – 258 СБШ-ны құрады.

Есепті кезеңнің соңында республикалық меншік бойынша соңғы үш жылда СБШ саны:

2022 жылы – 246 СБШ-ны;

2023 жылы – 258 СБШ-ны;

2024 жылы – 233 СБШ-ны құрады.

Соңғы үш жылдағы динамикада сенімгерлік басқару шарттары туралы ақпарат 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Соңғы үш жылдағы динамикада СБШ саны (республикалық меншік бойынша)

P/c №	Сенімгерлік басқару шарттары	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
1	ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ БАСЫНДА ОА СБШ:	40	24	30
	КЕЙІННЕН САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫМЕН	3	2	2
	КЕЙІННЕН САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ	37	22	28
2	БЕРІЛГЕНІ (РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІ)	12	8	10
3	ШАРТ АЯҚТАЛДЫ НЕ БҰЗЫЛДЫ	28	2	8
4	ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ СОҢЫНДА:	24	30	32
	КЕЙІННЕН САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫМЕН	2	2	1
	КЕЙІННЕН САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ	22	28	31
5	ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ БАСЫНДА АУМАҚТЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ СБШ	179	222	228
	КЕЙІННЕН САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ	179	222	228
6	ММЖД БЕРДІ (РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІ)	157	139	83
7	ШАРТ АЯҚТАЛДЫ НЕ БҰЗЫЛДЫ	114	133	110
8	ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ СОҢЫНДА АУМАҚТЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ СБШ:	222	228	201
	КЕЙІННЕН САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ	222	228	201

Есепті кезеңнің басында коммуналдық меншік бойынша СБШ саны:

2022 жылы – 774 СБШ-ны;

2023 жылы – 1 028 СБШ-ны;

2024 жылы – 1 047 СБШ-ны құрады.

Есепті кезеңнің соңында соңғы үш жылда СБШ жалпы саны:

2022 жылы – 1 028 СБШ-ны;

2023 жылы – 1 047 СБШ-ны;

2024 жылы – 1 170 СБШ-ны құрады.

Соңғы үш жылдағы динамикада коммуналдық меншік бойынша сенімгерлік басқару шарттары туралы ақпарат 6-кестеде келтірілген.
6-кесте

Соңғы үш жылдағы динамикада СБШ саны
(коммуналдық меншік бойынша)

P/c №	Жергілікті атқарушы органдардың атауы	01.01.2022 ж. жағдай бойынша қолданыста болған СБШ	2022 жылы жасалған СБШ	2022 жылы аяқталған (бұзылған) СБШ	31.12.2022 ж. жағдай бойынша қолданыста болған СБШ
1	2	3	4	5	6
1	Алматы қаласы әкімінің аппараты	41	9	4	46
2	Түркістан облысы әкімінің аппараты	19	8	7	20
3	Абай облысы әкімінің аппараты	25	1	4	22
4	Атырау облысы әкімінің аппараты	167	45	25	187
5	Шымкент қаласы әкімінің аппараты	5	2	0	7
6	Алматы облысы әкімінің аппараты	44	8	2	50
7	Батыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты	54	15	8	61
8	Павлодар облысы әкімінің аппараты	85	95	3	177
9	Астана қаласы әкімінің аппараты	55	83	0	138
10	Ақмола облысы әкімінің аппараты	3	5	1	7
11	Қостанай облысы әкімінің аппараты	41	10	7	44
12	Жамбыл облысы әкімінің аппараты	14	0	3	11
13	Ақтөбе облысы әкімінің аппараты	61	3	9	55
14	Жетісу облысы әкімінің аппараты	26	7	6	27
15	Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты	19	1	2	18
16	Ұлытау облысы әкімінің аппараты	7	5	0	12
17	Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты	14	16	3	27
18	Қарағанды облысы әкімінің аппараты	53	17	7	63
19	Маңғыстау облысы әкімінің аппараты	9	2	0	11
20	Қызылорда облысы әкімінің аппараты	32	13	0	45
Барлығы:		774	345	91	1 028

P/c №	Жергілікті атқарушы органдардың атауы	01.01.2023 ж. жағдай бойынша қолданыста болған СБШ	2023 жылы жасалған СБШ	2023 жылы аяқталған (бұзылған) СБШ	31.12.2023 ж. жағдай бойынша қолданыста болған СБШ
1	2	3	4	5	6
1	Алматы қаласы әкімінің аппараты	46	6	8	44
2	Түркістан облысы әкімінің аппараты	20	4	0	24
3	Абай облысы әкімінің аппараты	22	3	6	19
4	Атырау облысы әкімінің аппараты	187	36	33	190
5	Шымкент қаласы әкімінің аппараты	7	2	1	8
6	Алматы облысы әкімінің аппараты	50	9	9	50
7	Батыс Қазақстан облысы әкімінің Аппараты	61	8	13	56
8	Павлодар облысы әкімінің аппараты	177	33	25	185
9	Астана қаласы әкімінің аппараты	138	22	1	159
10	Ақмола облысы әкімінің аппараты	7	13	2	18
11	Қостанай облысы әкімінің аппараты	44	8	14	38
12	Жамбыл облысы әкімінің аппараты	11	0	0	11
13	Ақтөбе облысы әкімінің аппараты	55	4	46	13
14	Жетісу облысы әкімінің аппараты	27	18	7	38
15	Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты	18	4	2	20
16	Ұлытау облысы әкімінің аппараты	12	1	2	11
17	Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты	27	7	7	27
18	Қарағанды облысы әкімінің аппараты	63	13	12	64
19	Маңғыстау облысы әкімінің аппараты	11	4	0	15
20	Қызылорда облысы әкімінің аппараты	45	12	0	57
Барлығы:		1 028	207	188	1 047

P/c №	Жергілікті атқарушы органдардың атауы	01.01.2024 ж. жағдай бойынша қолданыста болған СБШ	2024 жылы жасалған СБШ	2024 жылы аяқталған (бұзылған) СБШ	31.12.2024 ж. жағдай бойынша қолданыста болған СБШ
1	2	3	4	5	6
1	Алматы қаласы әкімінің аппараты	44	13	4	53
2	Түркістан облысы әкімінің аппараты	24	9	0	33
3	Абай облысы әкімінің аппараты	19	3	3	19
4	Атырау облысы әкімінің аппараты	190	52	19	223
5	Шымкент қаласы әкімінің аппараты	8	0	2	0
6	Алматы облысы әкімінің аппараты	50	2	10	42
7	Батыс Қазақстан облысы әкімінің Аппараты	56	25	18	63
8	Павлодар облысы әкімінің аппараты	185	29	58	156
9	Астана қаласы әкімінің аппараты	159	10	2	167
10	Ақмола облысы әкімінің аппараты	18	5	4	19
11	Қостанай облысы әкімінің аппараты	38	5	10	33
12	Жамбыл облысы әкімінің аппараты	11	0	1	10
13	Ақтөбе облысы әкімінің аппараты	13	32	1	44
14	Жетісу облысы әкімінің аппараты	38	39	18	59
15	Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты	20	103	17	106
16	Ұлытау облысы әкімінің аппараты	11	5	1	16
17	Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты	27	12	0	39
18	Қарағанды облысы әкімінің аппараты	64	13	20	57
19	Маңғыстау облысы әкімінің аппараты	15	2	0	17
20	Қызылорда облысы әкімінің аппараты	57	2	41	14
БАРЛЫҒЫ:		1 047	361	229	1 170

1.6. Мемлекеттік мүлікті сату туралы мәліметтер

Сатуға жататын мемлекеттік мүлік объектілеріне мынадай түрлер жатады:

жылжымайтын мүлік, құрылысы аяқталмаған объектілер;
жер учаскелері;
машиналар мен жабдықтар;
көлік;
занды тұлғалардың қатысу үлесі, бағалы қағаздары;
басқалар.

Есепті кезеңде республикалық меншік бойынша сауда-саттыққа:

2022 жылы – 740 объект;

2023 жылы – 750 объект;

2024 жылы – 747 объект қойылды.

Республикалық меншік бойынша:

2022 жылы – 722 объект;

2023 жылы – 717 объект;

2024 жылы – 737 объект сатылды.

Республикалық меншік объектілерін жекешелендіруден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түскен түсімдер:

2022 жылы – 4,7 млрд теңгені;


2023 жылы – 1,2 млрд теңгені;

2024 жылы – 1,4 млрд теңгені құрады.

Республикалық мүліктің сатылуы туралы соңғы үш жылдағы ақпарат 2-суретте берілген.

2-сурет

Республикалық меншік объектілерін сату туралы мәліметтер





Ұқсас кезеңде коммуналдық меншік бойынша сауда-саттыққа:

2022 жылы – 2 281 объект;

2023 жылы – 2 135 объект;

2024 жылы – 3 672 объект қойылды.

Коммуналдық меншік бойынша сатылған объектілердің саны:

2022 жылы – 2 066 объект;

2023 жылы – 1 909 объект;

2024 жылы – 3 195 объектіні құрады.

Коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруден түскен түсімдер:


2022 жылы – 3,0 млрд теңгені;

2023 жылы – 4,5 млрд теңгені;


2024 жылы – 4,6 млрд теңгені құрады.

Коммуналдық мүліктің сатылуы туралы соңғы үш жылдағы ақпарат 4-суретте берілген.

Коммуналдық меншік объектілерін сату туралы мәліметтер



Коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруден жергілікті бюджетке түскен түсімдер



2. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің есепті кезеңдегі қызметі туралы ақпарат (2024 жыл бойынша ақпарат 2025 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша тізілімге КСС ұсынған деректер негізінде қалыптастырылды)

2.1. Ұйымдық-құқықтық нысандар бөлінісінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің саны (акцияларының мемлекеттік пакеті (мемлекеттік қатысу үлестері) мемлекеттік меншіктегі акционерлік қоғам (жауапкершілігі шектеулі серіктестік), мемлекеттік кәсіпорын)

Ұйымдық-құқықтық нысандар бөлінісінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (бұдан әрі – КСС) саны мынаны құрады:

Республикалық меншік бойынша


2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 341 КСС;

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 337 КСС;

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 338 КСС.

Соңғы үш жылдағы КСС саны туралы ақпарат 6-суретте келтірілген.

6-сурет



Коммуналдық меншік бойынша


2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 5 523 КСС;

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 5 554 КСС;

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 5 564 КСС.

Соңғы үш жылдағы КСС саны туралы ақпарат 7-суретте келтірілген.

Коммуналдық меншіктегі квазимемлекеттік сектор субъектілері санының динамикасы



2.2. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің экономикаға қатысу үлесі және квазимемлекеттік сектор субъектілері қатысатын экономиканың негізгі салалары

Мемлекеттің экономикадағы қатысу үлесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 3 тамыздағы № 292 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасына мемлекеттің қатысуын айқындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар) сәйкес айқындалады.

Әдістемелік ұсынымдардың 8-тармағына сәйкес мемлекеттің ел экономикасына қатысу үлесі мемлекет бақылайтын ұйымдардың және мемлекет жанама бақылайтын ұйымдардың жалпы қосылған құнының тиісті қаржы жылындағы елдің ЖІӨ-ге ара қатынасы арқылы айқындалады.

Мәселен, мемлекеттің экономикаға қатысу үлесінің төмендеу динамикасы мынадай:

2022 жылдың қорытындысы бойынша – ЖІӨ-ге 14,2 %;

2023 жылдың қорытындысы бойынша – ЖІӨ-ге 13,8 %;

2024 жылдың қорытындысы бойынша – ЖІӨ-ге 13,7 %.

2022 – 2024 жылдары КСС (республикалық және коммуналдық меншік бойынша) экономиканың мынадай негізгі салаларына қатысады:

денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер;

ақпарат және байланыс;

өнер, ойын-сауық және демалыс;


өндеу өнеркәсібі;

білім беру;
кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет;
жылжымайтын мүлікпен операциялар;
қаржылық және сақтандыру қызметі;
ауыл, орман және балық шаруашылығы;
құрылыс және т.б.


КСС қатысатын экономиканың негізгі салалары туралы
2022 – 2024 жылдардағы ақпарат 8 және 9-суретте берілген.

8-сурет

**Республикалық меншікке жататын КСС қызметін жүзеге асыратын
экономиканың негізгі салалары:**



**Коммуналдық меншікке жататын КСС қызметін жүзеге асыратын
экономиканың негізгі салалары:**



Республикалық және коммуналдық меншік бойынша КСС қатысатын экономиканың негізгі салалары туралы соңғы үш жылдағы динамикадағы ақпарат 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

КСС қатысатын экономиканың негізгі салалары туралы ақпарат

Р/с №	Салалардың атауы	Өлшем бірлігі	01.01.2023 жылғы жағдай бойынша	01.01.2024 жылғы жағдай бойынша	01.01.2025 жылғы жағдай бойынша
Республикалық меншік бойынша					
1	Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен таратуды бақылау	%	0,6%	0,9%	0,3%
2	Тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді игеру	%	0,0%	0,6%	1,1%
3	Мемлекеттік басқару және қорғаныс, міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	%	2,7%	2,6%	2,8%

4	Әкімшілік және көмекші қызмет көрсету саласындағы қызмет	%	1,2%	1,2%	1,1%
5	Денсаулық сақтау мен әлеуметтік көрсетілетін қызметтер	%	8,3%	7,9%	8,8%
6	Ақпарат және байланыс	%	8,0%	8,5%	9,0%
7	Өнер, ойын-сауық және демалыс	%	14,8%	14,6%	14,4%
8	Өңдеу өнеркәсібі	%	1,8%	1,7%	1,7%
9	Білім беру	%	18,7%	18,1%	17,2%
10	Жылжымайтын мүлікпен операциялар	%	2,4%	2,9%	2,8%
11	Көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	%	1,5%	1,5%	1,4%
12	Қызметтердің басқа түрлерін ұсыну	%	1,8%	2,0%	2,0%
13	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	%	24,3%	24,2%	24,6%
14	Ауыл, орман және балық шаруашылығы	%	2,4%	2,0%	2,0%
15	Құрылыс	%	2,1%	2,0%	2,0%
16	Көлік және қоймалау	%	2,4%	2,6%	2,3%
17	Тұру және тамақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтер	%	0,3%	0,3%	0,3%
18	Қаржылық және сақтандыру қызметі	%	5,9%	5,5%	5,9%
19	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	%	0,9%	0,9%	0,3%
	ЖИЫНЫ:	%	100%	100%	100%
	Коммуналдық меншік бойынша				
1	Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен таратуды бақылау	%	3,5%	3,5%	3,8%
2	Мемлекеттік басқару және қорғаныс, міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	%	0,3%	0,3%	0,4%
3	Әкімшілік және көмекші қызмет көрсету саласындағы қызмет	%	0,6%	0,6%	0,6%
4	Денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер	%	12,1%	12,2%	12,1%
5	Ақпарат және байланыс	%	1,1%	0,5%	0,5%
6	Өнер, ойын-сауық және демалыс	%	13,3%	13,4%	13,4%
7	Өңдеу өнеркәсібі	%	0,1%	0,0%	0,0%
8	Білім беру	%	61,0%	62,1%	62,1%
9	Жылжымайтын мүлікпен операциялар	%	0,2%	0,2%	0,1%
10	Қызметтердің басқа түрлерін ұсыну	%	0,3%	0,3%	0,3%
11	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	%	4,1%	3,6%	3,2%

12	Ауыл, орман және балық шаруашылығы	%	0,4%	0,4%	0,4%
13	Құрылыс	%	0,6%	0,4%	0,4%
14	Көлік және қойма	%	0,4%	0,4%	0,4%
15	Тұру және тамақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтер	%	0,1%	0,1%	0,1%
16	Қаржылық және сақтандыру қызметі	%	0,3%	0,3%	0,4%
17	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	%	1,7%	1,7%	1,8%
	ЖИЫНЫ:	%	100%	100%	100%

2.3. Мемлекеттік органдар бөлінісінде мемлекеттің қатысу үлесі көрсетілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің меншік иелерінің құрылымы

2022 – 2024 жылдардағы динамикада мемлекеттік органдар бөлінісінде мемлекеттің қатысу үлесі көрсетілген КСС меншік иелерінің құрылымы туралы ақпарат 8-кестеде келтірілген.

8-кесте

КСС меншік иелерінің құрылымы (республикалық меншік бойынша)

Р/с №	Орталық мемлекеттік органның атауы	01.01.2023 жылғы жағдай бойынша	01.01.2024 жылғы жағдай бойынша	01.01.2025 жылғы жағдай бойынша
		КСС саны:	КСС саны:	КСС саны:
1	ҚР Үкіметі	1	1	1
2	ҚР МҚІА	2	2	1
3	ҚР ҚМА	-	1	1
4	ҚР ЭМ	7	6	6
5	ҚР МАМ	69	69	57
6	ҚР СІМ	4	5	5
7	ҚР ИИДМ	12	-	-
8	ҚР КМ	4	6	6
9	ҚР ӨҚМ	9	14	14
10	ҚР ҰЭМ	3	3	3
11	ҚР АШМ	9	8	12
12	ҚР ОМ	14	12	10
13	ҚР ҒЖБМ	61	63	64
14	ҚР СЖРА	1	1	1
15	ҚР ОСК	1	1	1

16	ҚР Әділетмині	3	3	3
17	ҚР ДСМ	32	32	32
18	ҚР СИМ	4	4	4
19	ҚР ТСМ	2	3	16
20	ҚР ИМ	7	6	6
21	ҚР Қорғанысмині	5	4	4
22	ҚР ТЖМ	6	6	6
23	ҚР ЦДИАӨМ	12	15	15
24	ҚР ЭТРМ	18	19	18
25	ҚР Еңбекмині	7	5	5
26	ҚР Қаржымині	14	19	20
27	ҚР АҚДМ	2	-	-
28	ҚР ПИБ	15	16	16
29	ҚР ЖАП	1	1	1
30	ҚР Ұлттық Банкі	6	4	2
31	ҚР ҰҚК	4	3	3
32	ҚР МКҚ	2	1	1
33	МТҚБ	4	4	4
	БАРЛЫҒЫ:	341	337	338

КСС меншік иелерінің құрылымы
(коммуналдық меншік бойынша)

Р/с №	Жергілікті атқарушы органдардың атауы	01.01.2023 жылғы жағдай бойынша	01.01.2024 жылғы жағдай бойынша	01.01.2025 жылғы жағдай бойынша
		КСС саны:	КСС саны:	КСС саны:
1	Ақмола облысы	309	300	298
2	Ақтөбе облысы	356	352	353
3	Алматы облысы	235	246	241
4	Атырау облысы	308	313	318
5	Шығыс Қазақстан облысы	207	209	212
6	Жамбыл облысы	366	364	355
7	Батыс Қазақстан облысы	337	333	333
8	Қарағанды облысы	316	323	335
9	Қостанай облысы	283	279	276
10	Қызылорда облысы	422	422	421

11	Маңғыстау облысы	221	221	222
12	Павлодар облысы	324	312	310
13	Солтүстік Қазақстан облысы	170	170	173
14	Түркістан облысы	446	447	445
15	Астана қаласы	241	250	263
16	Алматы қаласы	337	353	358
17	Шымкент қаласы	152	153	154
18	Абай облысы	184	190	176
19	Жетісу облысы	216	215	216
20	Ұлытау облысы	93	102	105
	БАРЛЫҒЫ:	5 523	5 554	5 564

2.4. Квazимемлекеттік сектор субъектілері қызметкерлерінің орташа жылдық саны

2022 – 2024 жылдардағы динамикада республикалық және коммуналдық меншік бөлінісінде КСС қызметкерлерінің орташа жылдық саны туралы ақпарат 9-кестеде келтірілген.

9-кесте

Республикалық және коммуналдық меншік бойынша КСС қызметкерлерінің орташа жылдық саны

Р/с №	Есепті кезең:	Өлшем бірлігі	Республикалық меншік бойынша	Коммуналдық меншік бойынша
			<i>факт</i>	<i>факт</i>
1	2022 жыл	бірлік	426 972,9	512 928,1
2	2023 жыл	бірлік	422 764,0	797 979,5
3	2024 жыл	бірлік	413 080,9	631 832,6

2.5. Квazимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің баланстық құны

КСС активтерінің баланстық құны оның қаржылық жағдайын көрсете отырып, ұйымдар мүлкінің жалпы сомасын көрсетеді.

Мәселен, 2022 – 2024 жылдары республикалық меншік бойынша КСС активтерінің баланстық құны:

2022 жылы – 50 450,4 млрд теңгені;

2023 жылы – 57 171,1 млрд теңгені;

2024 жылы – 52 325,0 млрд теңгені құрады.

Коммуналдық меншік бойынша КСС активтерінің баланстық құны ұқсас кезеңде:

2022 жылы – 12 448,6 млрд теңгені;

2023 жылы – 14 741,0 млрд теңгені;

2024 жылы – 22 866,6 млрд теңгені құрады.

2022 – 2024 жылдардағы динамикада республикалық және коммуналдық меншік бөлінісіндегі КСС активтерінің баланстық құны туралы ақпарат 10-кестеде келтірілген.

10-кесте

**Республикалық және коммуналдық меншік бойынша КСС
активтерінің баланстық құны**

Р/с №	Есепті кезең:	Өлшем бірлігі	Республикалық меншік бойынша:	Коммуналдық меншік бойынша:
			<i>факт</i>	<i>факт</i>
1	2022 жыл	млрд теңге	50 450,4	12 448,6
2	2023 жыл	млрд теңге	57 171,1	14 741,0
3	2024 жыл	млрд теңге	52 325,0	22 866,6

2.6. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің күрделі салымдары мен инвестицияларының көлемі

2022 – 2024 жылдары республикалық меншік бойынша КСС күрделі салымдары мен инвестицияларының көлемі:

2022 жылы – 2 258,7 млрд теңгені;

2023 жылы – 3 364,7 млрд теңгені;

2024 жылы – 3 161,4 млрд теңгені құрады.

Ұқсас кезеңде коммуналдық меншік бойынша КСС күрделі салымдары мен инвестицияларының көлемі:

2022 жылы – 3 382,5 млрд теңгені;

2023 жылы – 2 351,9 млрд теңгені;

2024 жылы – 693,3 млрд теңгені құрады.

2022 – 2024 жылдардағы динамикада республикалық және коммуналдық меншік бөлінісіндегі КСС күрделі салымдары мен инвестицияларының көлемі туралы ақпарат 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

**Республикалық және коммуналдық меншік бойынша
КСС күрделі салымдары мен инвестицияларының көлемі**

Р/с №	Есепті кезең:	Өлшем бірлігі	Республикалық меншік бойынша:	Коммуналдық меншік бойынша:
			<i>факт</i>	<i>факт</i>
1	2022 жыл	млрд теңге	2 258,7	3 382,5
2	2023 жыл	млрд теңге	3 364,7	2 351,9
3	2024 жыл	млрд теңге	3 161,4	693,3

2.7. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы, оның ішінде олар мемлекеттік тапсырмадан алған кірістері туралы мәліметтер

Аталған ақпарат КСС тізілімге берген деректер негізінде дайындалды.

Мәселен, тізілім деректеріне сәйкес республикалық меншік бойынша КСС-тің таза пайдасы:

2022 жылы 190 КСС-ның таза пайдасы 2 459,6 млрд теңгені;

2023 жылы 196 КСС-ның таза пайдасы – 2 346,9 млрд теңгені;

2024 жылы 183 КСС-ның таза пайдасы – 643,3 млрд теңгені құрады.

Республикалық меншік бойынша КСС шығыны:

2022 жылы 54 КСС-ның шығыны 90,9 млрд теңгені;

2023 жылы 52 КСС-ның шығыны – 63,9 млрд теңгені;

2024 жылы 52 КСС-ның шығыны – 51,0 млрд теңгені құрады.

Коммуналдық меншік бойынша таза пайда:

2022 жылы 324 КСС-ның таза пайдасы 27,4 млрд теңгені;

2023 жылы 290 КСС-ның таза пайдасы – 52,9 млрд теңгені;

2024 жылы 407 КСС-ның таза пайдасы – 67,7 млрд теңгені құрады.

Коммуналдық меншік бойынша КСС шығыны:

2022 жылы 126 КСС-ның шығыны 2 626,4 млрд теңгені;

2023 жылы 92 КСС-ның шығыны – 107,6 млрд теңгені;

2024 жылы 94 КСС-ның шығыны – 92,5 млрд теңгені құрады.

2022 – 2024 жылдардағы КСС қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы ақпарат 12-кестеде келтірілген.

12-кесте

Республикалық меншік бойынша КСС қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері

Ұйымдастырушылық -құқықтық нысаны	Есепті кезеңді таза пайдамен аяқтаған КСС саны			Өлшем бірлігі	Республикалық меншік бойынша КСС таза пайдасы:		
	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл		2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
АҚ	56	56	50	млрд теңге	2 340,7	2 193,9	485,5
ЖШС	18	20	20	млрд теңге	27,1	19,5	20,9
РМҚК, РМК	116	120	113	млрд теңге	91,8	133,5	136,9
ЖИЫНЫ:	190	196	183	млрд теңге	2 459,6	2 346,9	643,3

Ұйымдардың атауы	Есепті кезеңде шығынды болған КСС саны			Өлшем бірлігі	Республикалық меншік бойынша КСС шығыны:		
	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл		2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл

АҚ	18	14	11	млрд теңге	53,4	48,8	38,7
ЖШС	8	6	4	млрд теңге	1,9	3,0	2,3
РМҚК, РМК	28	32	37	млрд теңге	35,6	12,1	10,0
ЖИЫНЫ:	54	52	52	млрд теңге	90,9	63,9	51,0

**Коммуналдық меншік бойынша КСС
қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері**

Ұйымдастырушылық -құқықтық нысаны	Есепті кезеңді таза пайдамен аяқтаған КСС саны			Өлшем бірлігі	Коммуналдық меншік бойынша КСС таза пайдасы:		
	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл		2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
АҚ	20	21	27	млрд теңге	8,2	17,2	23,9
ЖШС	27	32	38	млрд теңге	2,1	5,1	9,1
МҚКК, ШЖҚ МКК	277	237	342	млрд теңге	17,1	30,6	34,7
ЖИЫНЫ:	324	290	407	млрд теңге	27,4	52,9	67,7

Ұйымдардың атауы	Есепті кезеңде шығынды болған КСС саны			Өлшем бірлігі	Коммуналдық меншік бойынша КСС шығыны:		
	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл		2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
АҚ	14	10	7	млрд теңге	29,6	15,0	7,3
ЖШС	16	12	11	млрд теңге	60,8	66,5	59,1
МҚКК, ШЖҚ МКК	96	70	76	млрд теңге	2 536,0	26,1	26,1
ЖИЫНЫ:	126	92	94	млрд теңге	2 626,4	107,6	92,5

**2022 – 2024 жылдары мемлекеттік тапсырмадан
КСС алған кірістер туралы мәліметтер**

Республикалық меншік бойынша КСС тізілімі деректеріне сәйкес есепті кезеңде мемлекеттік тапсырмадан түскен кірістер:

2022 жылы – 263,7 млрд теңгені;

2023 жылы – 436,5 млрд теңгені;

2024 жылы – 527,9 млрд теңгені құрады.

Коммуналдық меншік бойынша КСС-ке мемлекеттік тапсырмадан түскен кірістер ұқсас кезеңде:

2022 жылы – 63,1 млрд теңгені;
 2023 жылы – 666,1 млрд теңгені;
 2024 жылы – 713,4 млрд теңгені құрады.

Соңғы үш жылда мемлекеттік тапсырмадан түскен кірістер туралы ақпарат 13-кестеде келтірілген.

13-кесте

Көрсеткіштердің атауы	Ұйымдардың атауы	Өлшем бірлігі	Республикалық меншік бойынша:		
			2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
			<i>факт</i>	<i>факт</i>	<i>факт</i>
Мемлекеттік тапсырмадан түскен кірістер	АҚ, ЖШС, РМҚК, ШЖҚ РМК	млрд теңге	263,7	436,5	527,9
Жиыны:		млрд теңге	263,7	436,5	527,9

Көрсеткіштердің атауы	Ұйымдардың атауы	Өлшем бірлігі	Коммуналдық меншік бойынша:		
			2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
			<i>факт</i>	<i>факт</i>	<i>факт</i>
Мемлекеттік тапсырмадан түскен кірістер	АҚ, ЖШС, МҚКК, ШЖҚ МКК	млрд теңге	63,1	666,1	713,4
Жиыны:		млрд теңге	63,1	666,1	713,4

2.8. Құрылтайшысы, акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарлары мен іс-шаралар жоспарларының орындалуы, сондай-ақ акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың даму жоспарларының орындалуы, оның ішінде рентабельділік пен қаржылық орнықтылық туралы мәліметтер

Аталған ақпарат тізілімге берілген мәліметтер негізінде дайындалды.

Тізілім деректеріне сәйкес республикалық меншік бойынша КСС кірістері:

2022 жылы – 20 881,5 млрд теңге (жоспар бойынша 19 490,9 млрд теңге);
 2023 жылы – 22 206,1 млрд теңге (жоспар бойынша 21 998,6 млрд теңге);
 2024 жылы – 24 668,7 млрд теңге (жоспар бойынша 24 096,9 млрд теңге).

Республикалық меншік бойынша КСС шығыстары:

2022 жылы – 17 921,8 млрд теңге (жоспар бойынша 17 463,6 млрд теңге);

2023 жылы – 19 314,9 млрд теңге (жоспар бойынша 19 626,9 млрд теңге);
2024 жылы – 20 815,2 млрд теңге (жоспар бойынша 21 605,3 млрд теңге).

Коммуналдық меншік бойынша КСС кірістері:

2022 жылы – 779,6 млрд теңге (жоспар бойынша 730,8 млрд теңге);
2023 жылы – 4 203,8 млрд теңге (жоспар бойынша 3 971,8 млрд теңге);
2024 жылы – 4 552,5 млрд теңге (жоспар бойынша 5 134,0 млрд теңге).

Коммуналдық меншік бойынша КСС шығыстары:

2022 жылы – 746,4 млрд теңге (жоспар бойынша 702,3 млрд теңге);
2023 жылы – 4 215,6 млрд теңге (жоспар бойынша 3 988,9 млрд теңге);
2024 жылы – 4 602,3 млрд теңге (жоспар бойынша 4 414,6 млрд теңге).

2022 – 2024 жылдардағы динамикада республикалық және коммуналдық меншік бөлінісіндегі КСС рентабельділігі және қаржылық орнықтылығы туралы мәліметтер 14-кестеде келтірілген.

14-кесте

Республикалық меншік бойынша

Р/с №	Орталық мемлекеттік органның атауы	Жылдар	КСС саны:	ROA		ROE		Ағымдық өтімділік коэффициенті		Меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз ету коэффициенті	
				< 5%	≥ 5%	< 5%	≥ 5%	<1,5	≥ 1,5	< 0,1	≥ 0,1
1	ҚР МҚІА	2022	2	2	0	2	0	0	2	0	2
		2023	2	2	0	2	0	0	2	0	2
		2024	1	1	0	1	0	0	1	0	1
2	ҚР ҚМА	2022	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2023	1	1	0	1	0	0	1	0	1
		2024	1	1	0	1	0	0	1	0	1
3	ҚР ЭМ	2022	7	6	1	6	1	1	6	2	5
		2023	6	5	1	5	1	1	5	1	5
		2024	6	4	2	5	1	2	4	1	5
4	ҚР МАМ	2022	69	60	9	57	12	39	30	32	37
		2023	69	61	8	57	12	39	30	28	41
		2024	57	50	7	45	12	28	29	21	36
5	ҚР СІМ	2022	4	2	2	2	2	2	2	1	3
		2023	5	3	2	2	3	2	3	1	4
		2024	5	3	2	2	3	2	3	0	5
6	ҚР ИИДМ	2022	12	12	0	12	0	12	0	12	0
		2023	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2024	0	0	0	0	0	0	0	0	0
7	ҚР КМ	2022	4	2	2	1	3	1	3	2	2
		2023	6	4	2	3	3	2	4	3	3
		2024	6	4	2	3	3	3	3	3	3
8	ҚР ӨҚМ	2022	9	6	3	6	3	0	9	0	9
		2023	14	11	3	9	5	9	5	9	5
		2024	14	11	3	10	4	3	11	3	11

9	ҚР ҰЭМ	2022	3	3	0	2	1	0	3	0	3
		2023	3	3	0	2	1	0	3	0	3
		2024	3	3	0	2	1	0	3	0	3
10	ҚР АШМ	2022	9	5	4	4	5	1	8	0	9
		2023	8	4	4	4	4	0	8	0	8
		2024	12	8	4	7	5	3	9	0	12
11	ҚР ОМ	2022	14	14	0	14	0	14	0	14	0
		2023	12	12	0	12	0	12	0	12	0
		2024	10	10	0	10	0	10	0	10	0
12	ҚР ҒЖБМ	2022	61	52	9	51	10	34	27	34	27
		2023	63	46	17	45	18	36	27	35	28
		2024	64	43	21	41	23	34	30	37	27
13	ҚР СЖРА	2022	1	1	0	1	0	0	1	0	1
		2023	1	1	0	1	0	0	1	0	1
		2024	1	1	0	0	1	0	1	0	1
14	ҚР ОСК	2022	1	1	0	1	0	1	0	0	1
		2023	1	1	0	1	0	0	1	0	1
		2024	1	1	0	1	0	0	1	0	1
15	ҚР Әділетмині	2022	3	1	2	1	2	1	2	1	2
		2023	3	1	2	1	2	1	2	1	2
		2024	3	1	2	1	2	1	2	0	3
16	ҚР ДСМ	2022	32	32	0	32	0	32	0	32	0
		2023	32	32	0	32	0	32	0	32	0
		2024	32	32	0	32	0	32	0	32	0
17	ҚР СИМ	2022	4	3	1	2	2	1	3	1	3
		2023	4	3	1	2	2	1	3	2	2
		2024	4	2	2	3	1	1	3	2	2
18	ҚР ТСМ	2022	2	2	0	2	0	0	2	2	0
		2023	3	3	0	2	1	0	3	3	0
		2024	16	10	6	15	1	1	15	6	10
19	ҚР ІІМ	2022	7	4	3	1	6	4	3	2	5
		2023	6	3	3	1	5	3	3	2	4
		2024	6	3	3	2	4	3	3	2	4
20	ҚР Қорғанысмині	2022	5	5	0	3	2	3	2	5	0
		2023	4	2	2	2	2	2	2	3	1
		2024	4	2	2	2	2	3	1	3	1
21	ҚР ТЖМ	2022	6	6	0	6	0	3	3	5	1
		2023	6	6	0	6	0	5	1	5	1
		2024	6	6	0	6	0	4	2	6	0
22	ҚР ЦДИАӨМ	2022	12	9	3	9	3	5	7	3	9
		2023	15	10	5	10	5	4	11	2	13
		2024	15	12	3	12	3	8	7	3	12
23	ҚР ЭТРМ	2022	18	13	5	13	5	11	7	10	8
		2023	19	14	5	14	5	11	8	10	9
		2024	18	13	5	13	5	9	9	10	8
24	ҚР Еңбекмині	2022	7	6	1	5	2	1	6	0	7
		2023	5	3	2	3	2	3	2	1	4
		2024	5	2	3	1	4	3	2	2	3

25	ҚР Қаржымині	2022	14	11	3	11	3	12	2	11	3
		2023	19	15	4	15	4	17	2	16	3
		2024	20	16	4	16	4	17	3	16	4
26	ҚР АҚДМ	2022	2	2	0	2	0	2	0	2	0
		2023	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		2024	0	0	0	0	0	0	0	0	0
27	ҚР ПІБ	2022	15	14	1	7	8	2	13	2	13
		2023	16	14	2	8	8	3	13	0	16
		2024	16	14	2	6	10	2	14	1	15
28	ҚР ЖАП	2022	1	0	1	0	1	0	1	0	1
		2023	1	1	0	1	0	1	0	1	0
		2024	1	0	1	0	1	0	1	0	1
29	ҚР Ұлттық Банкі *	2022	6	0	0	0	0	0	0	0	0
		2023	4	0	0	0	0	0	0	0	0
		2024	2	0	0	0	0	0	0	0	0
30	ҚР ҰҚК	2022	4	2	2	2	2	2	2	2	2
		2023	3	1	2	1	2	1	2	1	2
		2024	3	1	2	1	2	1	2	0	3
31	ҚР МКҚ	2022	2	2	0	2	0	1	1	2	0
		2023	1	1	0	1	0	0	1	0	1
		2024	1	1	0	1	0	0	1	1	0
32	МТҚБ	2022	4	4	0	1	3	3	1	1	3
		2023	4	4	0	1	3	2	2	0	4
		2024	4	4	0	1	3	0	4	0	4
33	Ұлттық әл-ауқат	2022	1	0	1	0	1	1	0	1	0
		2023	1	0	1	0	1	1	0	1	0
		2024	1	0	1	0	1	1	0	1	0

* Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының атынан өзіне бекітілген, оның теңгеріміндегі мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған заңды тұлғалардың мүлкін басқаруды, сондай-ақ олардың қызметін реттеуді дербес жүзеге асырады.

Коммуналдық меншік бойынша

Р/с №	Жергілікті атқарушы органдардың атауы	Жылдар	КСС саны:	ROA		ROE		Ағымдық өтімділік коэффициенті		Меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз ету коэффициенті	
				< 5%	≥ 5%	< 5%	≥ 5%	<1,5	≥ 1,5	< 0,1	≥ 0,1
1	Ақмола облысы	2022	309	259	50	247	62	192	117	111	198
		2023	300	253	47	243	57	220	80	107	193
		2024	298	242	56	238	60	228	70	102	196
2	Ақтөбе облысы	2022	356	353	3	352	4	320	36	278	78
		2023	352	347	5	346	6	310	42	252	100
		2024	353	344	9	341	12	313	40	236	117
3	Алматы облысы	2022	235	230	5	232	3	227	8	215	20
		2023	246	241	5	243	3	238	8	228	18
		2024	241	237	4	238	3	229	12	222	19

4	Атырау облысы	2022	308	302	6	303	5	291	17	288	20
		2023	313	304	9	305	8	294	19	289	24
		2024	318	311	7	306	12	302	16	295	23
5	Шығыс Қазақстан облысы	2022	207	198	9	196	11	175	32	171	36
		2023	209	197	12	197	12	177	32	170	39
		2024	212	201	11	198	14	175	37	171	41
6	Жамбыл облысы	2022	366	354	12	356	10	335	31	44	322
		2023	364	350	14	353	11	327	37	37	327
		2024	355	339	16	342	13	318	37	28	327
7	Батыс Қазақстан облысы	2022	337	331	6	329	8	280	57	264	73
		2023	333	327	6	327	6	277	56	274	59
		2024	333	319	14	313	20	266	67	260	73
8	Қарағанды облысы	2022	316	305	11	302	14	185	131	180	136
		2023	323	312	11	303	20	190	133	177	146
		2024	335	316	19	317	18	199	136	193	142
9	Қостанай облысы	2022	283	257	26	257	26	200	83	199	84
		2023	279	259	20	250	29	199	80	198	81
		2024	276	248	28	246	30	196	80	194	82
10	Қызылорда облысы	2022	422	422	0	422	0	416	6	397	25
		2023	422	422	0	422	0	412	10	394	28
		2024	421	420	1	418	3	409	12	394	27
11	Маңғыстау облысы	2022	221	219	2	216	5	202	19	201	20
		2023	221	220	1	216	5	202	19	201	20
		2024	222	217	5	216	6	204	18	201	21
12	Павлодар облысы	2022	324	314	10	314	10	220	104	195	129
		2023	312	303	9	300	12	230	82	218	94
		2024	310	300	10	298	12	227	83	213	97
13	Солтүстік Қазақстан облысы	2022	170	165	5	165	5	115	55	130	40
		2023	170	166	4	166	4	148	22	130	40
		2024	173	169	4	167	6	151	22	134	39
14	Түркістан облысы	2022	446	430	16	425	21	288	158	309	137
		2023	447	430	17	421	26	277	170	303	144
		2024	445	432	13	423	22	260	185	302	143
15	Астана қаласы	2022	241	231	10	220	21	177	64	157	84
		2023	250	238	12	228	22	189	61	163	87
		2024	263	243	20	236	27	198	65	175	88
16	Алматы қаласы	2022	337	316	21	315	22	75	262	63	274
		2023	353	337	16	330	23	90	263	65	288
		2024	358	332	26	331	27	81	277	64	294
17	Шымкент қаласы	2022	152	136	16	135	17	90	62	41	111
		2023	153	135	18	132	21	84	69	42	111
		2024	154	139	15	136	18	72	82	50	104
18	Абай облысы	2022	184	176	8	174	10	142	42	132	52
		2023	190	180	10	179	11	138	52	137	53
		2024	176	168	8	164	12	132	44	122	54
19	Жетісу облысы	2022	216	206	10	202	14	165	51	112	104
		2023	215	199	16	195	20	152	63	101	114
		2024	216	198	18	195	21	198	18	93	123

20	Ұлытау облысы	2022	93	89	4	90	3	86	7	81	12
		2023	102	96	6	97	5	95	7	87	15
		2024	105	101	4	100	5	94	11	91	14

Республикалық және коммуналдық меншік бойынша соңғы үш жылдағы КСС деректерін талдау жалпы рентабельділік пен қаржылық орнықтылықтың орташа көрсеткіштерімен сипатталады. Байқалған динамика ресурстарды басқару мен пайдаланудың тиімділігін арттыру бойынша жұмысты жалғастырудың орындылығын көрсетеді.

2.9. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне берілген мемлекеттік қолдау шаралары және олардың көлемі мен нысаналы мақсаты көрсетілген республикалық бюджеттен өзге де түсімдер туралы мәліметтер

Мемлекеттік қолдаудың мақсаты КСС-ны дамыту үшін қолайлы экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасау болып табылады.

1. КСС-ға есепті кезеңде негізінен әлеуметтік салаға (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, музейлер) бағдарланған мемлекеттік субсидиялар мен мемлекеттік көмек бөлінді.

Республикалық меншіктегі КСС-ға мемлекеттік субсидиялар мен мемлекеттік көмектен түскен кірістер:

2022 жылы – 47,4 млрд теңгені;

2023 жылы – 144,1 млрд теңгені;

2024 жылы – 248,2 млрд теңгені құрады.

Коммуналдық меншік бойынша КСС-ға мемлекеттік субсидиялар мен мемлекеттік көмектен түскен кірістер:

2022 жылы – 25,3 млрд теңгені;

2023 жылы – 309,7 млрд теңгені;

2024 жылы – 309,0 млрд теңгені құрады.

2. КСС жарғылық капиталын қалыптастыру және толықтыру заңды тұлғаның даму мақсаттарына арналған бюджет қаражаты есебінен ақшалай түрде не мүлікпен жүргізіледі.

Мәселен, жарғылық капиталды қалыптастыруға және/немесе ұлғайтуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві есебінен дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізуге ақшалай түрде шұғыл шығындарға мыналар бөлінді:

2022 жылы – 134,9 млрд теңге;

2023 жылы – 244,4 млрд теңге;

2024 жылы – 71,8 млрд теңге бөлінді.

3. Есепті кезеңде республикалық бюджеттен КСС үшін бюджеттік кредиттер:

2022 жылы – 577,2 млрд теңге;

2023 жылы – 410,3 млрд теңге;

2024 жылы – 274,0 млрд теңге бөлінді.

2.10. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің республикалық бюджет секторын толықтыруы туралы мәліметтер

2022 – 2024 жылдардағы республикалық бюджетке дивидендтер түсімдерінің, таза кірістің бір бөлігінің динамикасы 15-кестеде берілген.
15-кесте

БСК кодтары	Түсімдердің атауы	Өлшем бірлігі	2023 жыл (2022 жылдың қорытындысы бойынша)	2024 жыл (2023 жылдың қорытындысы бойынша)	2025 жыл (2024 жылдың қорытындысы бойынша - 2025 ж.01.11. нақты түсімдер)
201101	Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері	млрд теңге	23,3	58,2	10,9
201301	Республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	млрд теңге	1 337,9	917,6	164,7
201401	Республикалық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер	млрд теңге	19,0	3,9	9,0

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес тиісті жалғыз акционері (қатысушысы) мемлекет болып табылатын квазимемлекеттік сектор субъектісі акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органдары мен жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен акционерлердің (қатысушылардың) жылдық жалпы жиналыстарын өткізу кезінде – квазимемлекеттік сектор субъектісінің жылдық қаржылық есептілікте, ал еншілес ұйым (еншілес ұйымдар) болған жағдайда шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікте көрсетілген, таза кіріс сомасының кемінде жетпіс пайызын дивидендтерді (кірісті) төлеуге бағыттау және оларды уактылы аудару үшін шаралар қабылдайды.

Бұл ретте «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ дивидендтік саясаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің жеке шешімімен айқындалады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 543 қаулысымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорының жалғыз акционерінің есепті кезеңдегі шешімдеріне сәйкес жобаларды қаржыландыру көлемін ескере отырып, жалғыз акционерге есепке жазылатын Қордың жыл сайынғы дивидендтердің мөлшері акциялары (қатысу үлестері) Қорға тиесілі заңды тұлғалардан есепті кезеңде алынған дивидендтердің кемінде 50 (елу) пайызын құрайды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер

2023 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер 211,9 млрд теңге мөлшерінде көзделген. Іс жүзінде 1 337,9 млрд теңге түсті. Дивидендтер жоспарының орындалуы 631,1 %-ды құрады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша республикалық меншіктегі ЖШС-не қатысу үлесіне кірістер

2023 жылға арналған республикалық бюджетте ЖШС-дан таза кірістің бір бөлігінің сомасы 8 млрд теңге мөлшерінде көзделген. Іс жүзінде 19 млрд теңге түсті. Осылайша, таза кірістің бір бөлігі жоспарының орындалуы 237,3 %-ды құрады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша РМК таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 134 бұйрығымен белгіленген.

2023 жылғы республикалық бюджетке 201101 «Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері» коды бойынша 23,3 млрд теңге түсті, бұл 0,6 млрд теңге жоспарланған жылдық түсімдер сомасынан 3 886 %-ды құрады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер

2024 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер 188,5 млрд теңге мөлшерінде көзделген. Іс жүзінде 917,6 млрд теңге түсті. Дивидендтер жоспарының орындалуы 486,9 %-ды құрады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша республикалық меншіктегі ЖШС-ға қатысу үлесіне кірістер

2024 жылға арналған республикалық бюджетте ЖШС-ден таза кірістің бір бөлігінің сомасы 10,3 млрд теңге мөлшерінде көзделген. Іс жүзінде 3,9 млрд теңге түсті. Осылайша, таза кірістің бір бөлігі жоспарының орындалуы 38,8 %-ды құрады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша РМК таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері

2024 жылғы республикалық бюджетке 201101 «Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері» коды бойынша 58,2 млрд теңге түсті, бұл 57,9 млрд теңге жоспарланған жылдық түсімдер сомасынан 100,5 %-ды құрады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 422 қаулысына сәйкес «Самұрық-Қазына «ҰӘҚ» АҚ акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеуді жоспарламайды, өйткені ол «акционерге өзге де бөлу» бойынша өз міндеттемелерін орындады («Қазақстан халқына» қоғамдық қорына, газдандыру жобалары бойынша ЖАО қаржыландыруға, Астана және Алматы қалаларында медициналық орталықтар салуға және т. б.).

2024 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер 231,1 млрд теңге мөлшерінде көзделген. Іс жүзінде 164,7 млрд теңге түсті. Дивидендтер жоспарының орындалуы 71,2 %-ды құрады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша республикалық меншіктегі ЖШС-не қатысу үлесіне кірістер

2024 жылға арналған республикалық бюджетте ЖШС-дан таза кірістің бір бөлігінің сомасы 10,4 млрд теңге мөлшерінде көзделген. Іс жүзінде 9,0 млрд теңге түсті. Осылайша, таза кірістің бір бөлігі жоспарының орындалуы 86,5 %-ды құрады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша РМК таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері

2024 жылғы республикалық бюджетке 201101 «Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері» коды бойынша 10,9 млрд теңге түсті, бұл 17,7 млрд теңге жоспарланған жылдық түсімдер сомасынан 61,5 %-ды құрады.

3. Мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік секторды басқару тетіктерін одан әрі дамыту жөніндегі тұжырымдар мен ұсыныстар

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Үкіметі жекешелендіруді жүргізу, кейбір қызмет түрлерін жүзеге асыруға шектеулер енгізу, сондай-ақ бәсекелестікті дамыту саласындағы заңнаманы жетілдіру жолымен мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту жөнінде дәйекті жұмыс жүргізуде.

Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысымен бекітілген өзгерістер енгізілді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 31 мамырдағы № 430 қаулысы).

Тізбенің бекітілген жаңа форматы бес таңбалы ЭҚЖЖ және квазимемлекеттік сектордың әрбір субъектісінің атауы көрсетіле отырып, ведомстволық бағынысты ұйымдар (орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар) қызметінің жарғылық түрлерін айқындайды.

Осыған байланысты мемлекеттік органдар мен ұйымдар 2026 жылғы 1 қазанға дейін тізімде бекітілген құжаттарға сәйкес келмейтін қызмет түрлерін жарғылық құжаттардан алып тастау жолымен өздерінің ведомстволық бағынысты заңды тұлғалары қызметінің түрлерін (акцияларға (қатысу үлестеріне) елу пайыздан астам тікелей немесе жанама иелік ету) сәйкес келтіруге тиіс.

Сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін (Қазақстан Республикасы Президентінің тікелей тапсырмаларын және «Заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының орындалуын қамтамасыз ету қажеттілігін қоспағанда) мораторий (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 21 тамыздағы № 678 қаулысы) енгізілді.

Мемлекет басшысы Экономиканы ырықтандыру жөніндегі 2024 жылғы 8 мамырдағы № 542 Жарлық шеңберінде Үкіметке ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен (бұдан әрі – БҚДА) бірлесіп экономикадағы мемлекеттік сектордың үлесін ауқымды және жедел қысқартуды жүргізуді тапсырды.

Ағымдағы жылы мемлекеттік активтерді басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру бойынша ауқымды жұмыс атқарылды, оның ішінде тікелей атаулы сату (бәсекелестік емес түр ретінде) алып тасталды, негізгі баға немесе жоғары бағаның қандай болуына байланысты баланстық құн негізінде бастапқы бағаны анықтауға жаңа тәсіл белгіленді және аффилирленген тұлға ұғымы бекітілді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік секторды басқару, соның ішінде Мемлекет басшысының «Экономиканы ырықтандыру туралы» (2024 жылғы 8 мамырдағы № 542) Жарлығын іске асыру бойынша

жұмыс жалғасуда.

Жекешелендіру жүргізу, қызметтің кейбір түрлерін жүзеге асыру, сондай-ақ бәсекелестікті дамыту саласында заңнаманы жетілдіру арқылы мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту бойынша жұмыс жүргізілуде.

БҚДА жанындағы Жекешелендіру жөніндегі Ұлттық офис жұмысының қорытындысы бойынша (БҚДА Төрағасының 2024 ж. 28.05. № 130/НҚ бұйрығы) оңтайландыруға ұсынылатын 473 квазимемлекеттік сектор субъектісінің және мемлекеттік меншік объектісінің тізбесі қалыптастырылды.

«Квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік меншік объектілерін оңтайландырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 894 қаулысымен 473 квазимемлекеттік сектордың субъектісін және мемлекеттік меншік объектісін жекешелендіру, қайта ұйымдастыру/тарату, қызмет түрлерін алып тастау және т.б. арқылы оңтайландыру мәселелерін реттейтін оңтайландырудың 2026-2030 жылдарға арналған жаңа Жоспары бекітілді.

Бұдан басқа, мемлекеттің экономикаға қатысуының нақты шегін, басқаруға рұқсат етілген құқықтық талаптарды бекіте отырып, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңды жаңарту қажеттілігі айтылған Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру бойынша жұмыс күтілуде.

Жалпы, Қазақстан Республикасы Президентінің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының іс-шараларын іске асыру нәтижесінде мемлекеттің экономикадағы үлесі 2029 жылға қарай 13,2% - ға дейін төмендейді деп күтілуде.

Сонымен қатар ЭЫДҰ ұсынымдарын іске асыру мақсатында Тәуелсіз директорларды іріктеу тәртібі мен өлшемшарттарын (Тәуелсіз директорларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту, тәуелсіз директорлар тізілімін енгізу, Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарға қойылатын ең төменгі талаптар және т.б.) белгілеу жолымен ашық және болжамды тағайындаулар жүйесін құру мақсатында заңнамаға түзетулер енгізіледі.

Бұдан басқа экономиканы ырықтандыру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде компаниялардың қызметіне араласпау қағидаттарын күшейтуге баса назар аудара отырып, жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, ұсынылған тәсілдер өндірістік процестерде шешім қабылдаудың тәуелсіздігін күшейтеді.

Бұл тәсіл корпоративтік басқаруды нығайтуға және мүмкіндігінше тиімді және ашық жұмыс істеуге ықпал етеді.

Жалпы, жоғарыда аталған шаралар бәсекелестікті одан әрі дамыту, мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін қысқарту, корпоративтік басқаруды жетілдіру үшін жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі өзге де деректер

Ұлттық баяндаманы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган тиісті салалардың уәкілетті органдары, жергілікті атқарушы органдар, КСС тізілімге ұсынған ақпарат негізінде дайындады.

Сонымен қатар Ұлттық баяндаманы дайындау барысында тізілімге мәліметтерді дұрыс ұсынбау не ұсынбау жағдайлары анықталды, бұл Ұлттық баяндаманы қалыптастыруға кедергі келтіріп, ОМО-ға және ЖАО-ға жазбаша сұрау салулар жіберу қажеттігіне алып келді, осыған байланысты тиісті салалардың уәкілетті органдары және жергілікті атқарушы органдар тарапынан тізілімге енгізілетін деректердің уақтылылығын, толықтығын және анықтығын бақылау жөнінде тиісті жұмыс жүргізу талап етіледі.

Бұдан басқа, тиісті кезеңге арналған даму жоспарларын (іс-шаралар жоспарларын) және олардың орындалуы жөніндегі есептер мен тізілімге ұсынылатын өзге де ақпаратты сапалы толтыру бойынша КСС басшылары мен лауазымды адамдарының әкімшілік жауапкершілігін белгілеу жөніндегі мәселені қараған жөн.

Ескертпе:

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚ	- акционерлік қоғам
АМҚ	- Арнаулы мемлекеттік қор
ӘМСҚ	- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры
«E-Qazyna.kz» АЖ	- тізілім
ЖАО	- жергілікті атқарушы органдар
ЖІӨ	- жалпы ішкі өнім
ЖӨҚ	- Жәбірленушілерге өтемақы қоры
ЖШС	- жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ББИҚҚ	- Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры
КМҚҚ	- коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
КСС	- квазимемлекеттік сектор субъектілері
ҚР АҚДМ	- Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
ҚР АШМ	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
ҚР Әділетмині	- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
ҚР БҚДА	- Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
ҚР ҒЖБМ	- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР ДСМ	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
ҚР Еңбекмині	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ҚР ЖАП	- Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы
ҚР ИИДМ	- Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
ҚР ІІМ	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
ҚР КМ	- Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі
ҚР Қаржымині	- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚР ҚМА	- Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі
ҚР Қорғанысмині	- Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
ҚР МАМ	- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
ҚР МКҚ	- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі
ҚР МҚІА	- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
ҚР ОСК	- Қазақстан Республикасының Орталық сайлау

	комиссиясы
ҚР ОМ	- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
ҚР ӨҚМ	- Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
ҚР ПІБ	- Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы
ҚР СЖРА	- Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
ҚР СИМ	- Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі
ҚР СІМ	- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ҚР СРИМ	- Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі
ҚР ТЖМ	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
ҚР ТСМ	- Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі
ҚР ҰҚ	- Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
ҚР ҰҚК	- Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ҚР ҰЭМ	- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ҚР ЦДИАӨМ	- Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ҚР ЭМ	- Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
ҚР ЭТРМ	- Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
ҚТК	- қызметтің түйінді көрсеткіштері
МӘСҚ	- Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры
МТҚБ	- материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы
ОМО	- орталық мемлекеттік органдар
РМҚК	- республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
СБШ	- сенімгерлік басқару шарттары
ШЖҚ РМК	- шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ШЖҚ КМК	- шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын
ҰБХ	- ұлттық басқарушы холдингтер
ҰК	- ұлттық компаниялар
Ұлттық әл-ауқат қоры	- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

ҰХ	- ұлттық холдингтер
ROA	- активтердің рентабелділігі
ROE	- меншікті капиталдың рентабелділігі

Ұлттық баяндаманы қалыптастыру кезінде пайдаланылған нормативтік құқықтық актілер

«Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 1008 Жарлығы;

«Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы;

«Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы Жарлығы;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысы;

«Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысы;

«Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда)

әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін және оларға мониторинг жүргізу тетігін айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 1266 қаулысы;

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының дивидендтік саясатын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 543 қаулысы;

«Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысы;

«Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 1546 қаулысы;

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы № 237 қаулысы;

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 1 шілдедегі № 389 қаулысы;

«Қазақстан Республикасындағы квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі талдамалық баяндаманы және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 654 қаулысы;

«Квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 21 тамыздағы № 678 қаулысы;

«Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 31 мамырдағы № 430 қаулысы;

«Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың басшы жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттары туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 шілдедегі № 326 бұйрығы;

«Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бұйрығы;

«Мемлекеттік мүліктің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 207 бұйрығы;

«Мемлекеттік мүлік тізіліміне деректерді беру нысанын, көлемін және кезеңділігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 267 бұйрығы;

«Мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері деректерін енгізудің, сондай-ақ мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізудің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 636 бұйрығы;

«Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын және мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқарудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 17 бұйрығы;

«Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 бұйрығы;

«Салық төлеуші және (немесе) үшінші тұлға кепілге қойған мүлікті, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) билік ету шектелген мүлкін – салық берешегі есебіне, төлеушінің – кедендік төлемдер, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, өсімпұлдар, пайыздар бойынша берешегі есебіне өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 111 бұйрығы;

«Жасалған концессия шарттарының және берілген мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 133 бұйрығы;

«Концессия объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 642 бұйрығы;

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 713 бұйрығы;

«Жарғылық капиталында мемлекет қатысатын мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, заңды тұлғалардың тізілімінде «Байқоңыр» кешенінің мүлкін есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 667 бұйрығы;

«Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 18 бұйрығы;

«Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 21 бұйрығы;

«Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларын және акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 23 бұйрығы;

«Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың даму жоспарларының және акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларының орындалуы бойынша есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 22 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 134 бұйрығы;

«Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражатын бөлу, жұмсау, мониторингтеу және есептілігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 ақпандағы № 38 бұйрығы;

«Республикалық бюджетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді алуға, сондай-ақ салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларының, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдердің, қарыздардың бюджетке, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Арнаулы мемлекеттік қорға артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Арнаулы мемлекеттік қордан қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 7 ақпандағы № 136 бұйрығы;

«Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 236 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 134 бұйрығы.
